

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІЦ ӨТҮРІСҮНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ**

**№ 9**

**Жезқазған қаласы  
19.04.2023  
сағат 15.00**

Облыстық қоғамдық кеңесі екі форматта өтті-оффлайн және ZOOM форматында өтті.

Жынынды ОҚК төрағаның м.а **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды.

Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Тұрлыбек А.М, Бекмағанбетов М.Е, Ким А.С, Абжаппаров А. М, Ізтөлеуов Д.Д., Мукеева А.М., Жақсыбеков Д.Д, Токишова А.Ф, Хамитов М.И, Оспанов С.Ж, Маткенов М.К;**

**Бегенов Б..Ж:** Кеңес отырысын ашық деп жарияланды.

Бүгінгі отырыста 2 сұрақ:

**Екі басқарма басшыларының есебін тыңдау:**

- Дене шынықтыру және спорт -Мұтәліпов Дидар Мағауияұлы, және қоғамдық даму- Мұқан Дағхан Қабылдашұлы. Дидар мырза, сөз сізде.**

**Мұтәліпов** -дene шынықтыру және спорт саласы жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, балашағы бір ұлтты қалыптастыруға ықпал ететін перспективалы аландардың бірі ретінде қызмет атқарады. Ұлытау облысы бойынша барлық спорттық ғимараттардың с аны - 327/100% деп алсақ ,оның ішінде; спорттық аландар -112/347,3%, спорт 5имараттары- 215/65,7%.

Ұлытау облысында дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін-327 бірлік /оның ішінде ауылдық жерде -139, жеке меншік- 23/, оның ішінде дене шынықтыру спорттық мәндегі нысандар /ДШМ/-110, білім беру ұйымдарда - 195, спорт мектептерде /СМ/-22 спорттық құрылымдар бар. Соның ішінде : 6 стадион ,2 спортсарайы, 1 спорттық құрылымдар кешені, 10 спорт кешені /оның ішінде 7 дене шынықтыру -сауықтыру кешені/, 1 ему базасы, 73 хоккей корты, 112 жазықтық құрылым, 3 теннис корты, 3 бассейн бар, 112 спорт зал, 1 спорттық манеж, 3 жалғасып салынған спорт кешені бар. 1-ДШ ведомстволық статистикалық есептілік деректеріне сәйкес 2022 жылы облыста дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту 32% болды, яғни 70938 адам. Жоғары жетістіктер спорттың дамыту мақсатында 2023 жылы облыста 6 спорт мекеме ашу жоспарлануда: (Устел спорт түрлерінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Спортты дамыту дерекциясы, Бұқаралық іс-шараларды өткізу орталығы, Ұлттық спорт түрлерінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Ойын спорт түрлерінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі. Сонымен қатар ойын спорт түрлері шайбалы хоккей мен футбол клубтары ашылады.

**Бегенов Б.Ж-** Рахмет. Эріптестер, сұрақтарға көшейік.

**Бекмағанбетов М-** ипподром жайлы толық айтып өтсөніз. Қаражат жеткілікті ма, жоқ па?

**Мұтәліпов** Д- жоқ. Ипподром көзірғі уақытта ашылмайды, оған қыруар қаражат қажет. Сондықтан әзірше жоспарлап қана отырмыз.

**Бекмағанбетов** М-спорт мектептерінде күрделі жөндеу керек, сосынмен қатар сіздерде маман тапшы. Егер біздің тарарапымыздан хат керек болса көмектесейік. **Тұрлыбек** А-Сіз қызметіңізге кірісkenнен бері қанша қаражат бөлінді осы салаға?

**Мұтәліпов** Д- 1,5 миллион.

**Тұрлыбек** А-өз басыма жай статистикаға сүйенген ақпарат керек жоқ. Сіз осы саланың басшысы ретінде облыс әкімінің алдында өзекті мәселелерді алға тартуыңыз қажет. Спорт бізді дамып жатқан жоқ. Хоккейді алсақ, спортсмендермен келісім-шартты көріп оқыдыңыз ба? Олар кімге қарайды.

**Мұтәліпов** Д- «Қазақмыс Барлау» компаниясына қарасты. Жоқ, мен келісім шартты көрmedім.

**Бегенов** Б- Дидар Мағауияұлы, сіздің телефоныныңды қоғамдық кенес мүшелеріне береміз, өзіңізге тікелей сұрақ қоюға ынғайлыш болады.

Жұмысыныңды жандандырыңыз. Раҳмет.

**Дархан Қабылдашұлы** сөз кезегі сізде.

**Мұқан** Д-Күрметті ҚК мүшелері. Басқарма 4 бөлімнен құралған. Олар: қоғамдық-саяси ахуал мен идеологиялық жұмысты ұйымдастыру, жастар саясатын дамыту, саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс, ақпараттық саясат және БАҚ мониторингі және этносаралық қатынастар мен діни ахуалды талдау бөлімдері. 2022 жылы басқарманың жүзеге асырған бірегей жобасы ретіне «Табысқа жету жолы» жаңа бизнес идеяларын іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге гранттар беру жобасын айтуға болады. Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарының аясында 2022 жылы жоба аясында жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін Ұлытау облысы әкімінің **99,5 млн.тенгеге 55 грант**, Жезқазған қаласы әкімінің **10,9 млн.тенгеге 11 грант**, Сәтбаев қаласы әкімінің **10,7 млн. тенгеге 15 грант**, Каражал қаласы әкімінің **6,0 млн. тенгеге 3 грант**, Жанаарқа ауданы әкімінің **6,0 млн. тенгеге 12 грант** табысталды. Ұлытау облысы әкімінің гранты 7 млн.тг. мен 1 млн.тг. аралығына табысталды. Жоба бойынша 2023 жылы **100,0 млн. тенге** қарастырылып отыр. «Жасыл Ел» енбек жасақтарының жұмыс штабын ұйымдастыру бойынша **17,0 млн. тг.** қарастырылып, қазіргі уақытта қала мен аудандарда жастар арасында түсіндіру, тіркеу жұмыстары жүргізу үстінде. Басқарманың **азаматтық қоғам саласын дамыту және қолдау** атты мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында **Қоғамдық кенес жұмысын үйлестіру және дамыту жұмысы** жоспарланған. Жоба аясында қоғамдық Кеңес мүшелеріне арналған 2 семинар, 5 диалог алаңы, 5 қоғамдық тыңдаулар, 1 «дөңгелек үстел» жоспарланып отыр. Диалог алаңдары аясында облыстың барлық ауданында халықпен толғандыратын мәселелерді талқылау бойынша кездесулер жасауды сіздердің келісімдерінізben жоспарлап отырмыз.

**Бегенов** Б- Алдында шу болған логотипке байланысты қандай өзгерістер бар?

**Мұқан** Д- Көзір қайтадан конкурс жарияймыз, сосын нақты тапсырыс үтқан азамат жасайды.

**Бегенов** Б- Бірнеше газет журналистері айлық алмаған. Ал БАҚ құралджарымен сіздер тығыз жұмыс атқарасыздар. Себеп?

**Мұқан** Д- Әзірше конкурс өткізілген жоқ. Мемлекеттік тапсырыс түскен кезде журналисттер толық айлық алады. Жалпы, бұл жыл басынан ,сонымен қатар бұрыннан қалыптасып келе жатқан үрдіс.

**Бекмағанбетов** М- «Жасыл ел» бағдарламасы жандана ма?


**Мұқан** Д- Кәзіргі таңда Жастар инфрақұрылымын дамыту мәселелеріне байланысты «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының жұмыс штабын ұйымдастыру бойынша **17,0 млн. тг.** қарастырылып, қазіргі уақытта қала мен аудандарда жастар арасында түсіндіру, тіркеу жұмыстары жүргізілу үстінде.

**Бегенов** Б- Жақсы, рахмет. Дархан Қабылдашұлы телефоныныңды ҚК мүшелеріне береміз. Әріптестер, сұрақтарды тікелей жолдай аласыздар. Екі баяндаманы назарға алдық, сұрақтар болмаса, күн тәртібіндегі екінші сұраққа көшейік. Чатқа хатшы нормативті құжаттарды жіберген. Егер алтып қосарларыңыз болмаса қабылдайық.

Қоғамдық кеңестің төрағасының м.а

  
Б.Ж.Бегенов

Қоғамдық кеңестің хатшысы

  
С.К. Онгарбаева

## **ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ЖУРУ ТӘРТІБІ**

**Тәрағалық етуші – Бегенов Б. Ж.:**

\*\*\*\*\*

Құрметті әріптер, сәлеметсіздер ме. Кезекті отырысымызды бастайық. Бүгінгі жиынымыз оффлайн және алыста тұратындарға онлайн режимде өтуде.

\*\*\*\*\*

Күн тәртібінде 2 сұрап:

**1. Қоғамдық Кеңесте былтыр жоспарланған басқарма басшыларын тындау.**

**1.1- Мұтәліпов Дидар Мағауияұлы, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы.**

**1.2- Мұқан Дархан Қабылдашұлы – қоғамдық даму басқармасының басшысы.**

\*\*\*\*\*

**Сөз кезегі сізде Дидар Мағауияұлы.**

\*\*\*\*\*

**/ Рахмет Мұтәліпов мырза, әріптер сұрақтарының бар ма?/**

\*\*\*\*\*

Дидар Мағауияұлы, қарсы болмайсыз деп ойлаймын. Сіздің телефоныныңды қоғамдық кенес мүшелеріне берсек. Қош сау болыңыз.

\*\*\*\*\*

**Дархан Қабылдашұлы сөз кезегі сізде.**

**/ Рахмет Мұқан мырза, әріптер сұрақтарының бар ма?/**

\*\*\*\*\*

Дархан Қабылдашұлы, қарсы болмайсыз деп ойлаймын. Сіздің телефоныныңды қоғамдық кенес мүшелеріне берсек. Қош сау болыңыз.

\*\*\*\*\*

**Әріптер ! Келесі , екінші сұраққа көшейік. Әр мекемелерден келген құжаттарға қорытынды беру. Алып қосарларының бар ма, жоқ па?**  
**Жоқ болса хатшы қорытынды жасай беріңіз.**

\*\*\*\*\*

**Осымен бүгінгі жиналысты аяқтаймыз. 21 сәуірде келесі кездесуді жоспарлап отырмыз. Жиын тұра осындай форматта өтеді. Уақытын, өтетін жерін хатшы қосымша хабарлайды. Сау болыңыздар.**